Әділ Әбілдаев,
Б.Оразбаев атындағы 1-ЖЭО ӨҚжЕҚ Қауіпсіздік және еңбекті қорғау қызметінің аға инспекторы

Бастапқыда мен археолог болуды қаладым, себебі мені әрқашан адамзаттың тарихы мен өткені қызықтырды. Сондай-ақ физика да маған ұнайтын. 10-сыныпқа жақындаған кезде, болашағым туралы шешім қабылдау қажет болғанда, мен бұл мәселені АЭжБУ-да оқып жүрген аға бауырыммен талқыладым. Ол маған сала келешегі туралы, сондай-ақ энергияның кез келген мемлекеттің дамуы үшін қаншалықты маңызды екенін айтып берді. Сол кезде мен энергетикаға қызыға бастадым және болашақ кәсібімді осы салаға байланыстыруға шешім қабылдадым. Менің кең ауқымды білімге деген ұмтылысым да энергетикаға деген қызығушылығымның негізіне айналды деп ойлаймын.



Энергетика – елдің өнеркәсібі, инфрақұрылымы және жалпы экономикасының дамуының негізі болып табылады. Энергетиктердің жұмысының тұрақтылығы адамдардың жайлылығы мен қауіпсіздігіне тікелей байланысты, сол себепті бұл мамандыққа әрқашан құрметпен қаралады, ал соңғы жылдары Қазақстанда ол қайтадан беделді болып отыр. Сонымен қатар, сала үздіксіз дамып келеді, жаңа технологиялар енгізіліп, бұл жұмысты одан әрі қызықты әрі сұранысқа ие етеді.


Мен еңбек жолымды 2020 жылы, бакалавриатты тәмамдағаннан кейін бірден Батыс жылу кешенінде (БЖК) бастадым. Менің алғашқы лауазымым – 4-разрядты электр станцияларының электр жабдықтарына қызмет көрсету жөніндегі электр монтері болды. Жарты жыл жұмыс істегеннен кейін мен 4-разрядты РҚжА электр монтері лауазымына ауыстым, ал бір жылдан кейін біліктілігімді 5-разрядқа тапсырдым.

Менің алғашқы жұмыс күнім әлі де болса есімде. Өнеркәсіпке кіргенде мені электр цехының қызметкері – Димаш Нагметолаевич Клюков қарсы алды, кейінірек ол менің шеберлерімнің бірі екенін білдім. Маған ең қатты әсер еткені – кәсіпорындағы жылулық пен достық атмосферасы. Шеберханаға баратын жолда көптеген адамдар менімен амандасып, сөйлесіп кетті. Сол кезде маған бірден ұжымның ынтымақты және ізгі ниетті екені сезінді.

Қазір мен өз тәлімгерлерімнің арқасында әр станция туралы аз-аздан

білемін. АлЭС құрамына кіретін станциялар өзіне тән ерекшеліктерге ие – технологиясы, тарихы, көлемі немесе жабдық ерекшеліктері. Осының бәрі бірге күшті және біртұтас энергетикалық жүйені құрады, онда әрбір элемент маңызды және алмастырылмайды. Компанияның өзінің сайты бар, онда әрбір станция, оның даму тарихы егжей-тегжейлі көрсетілген. Бұл өте ыңғайлы және пайдалы.

Менің алғашқы тәлімгерім – Асылхан Қалықұлы Ізтілеуов болды. Ол өз ісінің нағыз кәсіби маманы. Ол маған энергетика, релелік қорғаныс, құжаттармен жұмыс істеу және бюджетті құру туралы білім беріп қана қоймай, нағыз басшы қандай болу керек екенін де көрсетті. Ол ұжымды біріктіре білетін, сенім мен өзара көмек атмосферасын жасай алатын адам еді. Тұрақты тимбилдингтер мен бірлескен іс-шаралардың арқасында біз кез келген жағдайда бір-бірімізді қолдай отырып, тиімді жұмыс істей ғана қоймай, бірге демала алатын нағыз командаға айналдық.



Жалпы, мен БЖК-да шамамен екі жарым жыл жұмыс істедім. Содан кейін 1-ЖЭО-ға сұхбаттасудан сәтті өтіп, БӨАжА инженері лауазымына қабылдандым және онда екі жыл еңбек еттім. Жақында мен өндірістік қауіпсіздік және еңбек қорғау жөніндегі аға инспектор лауазымына ауыстым.

Менің қазіргі жұмыс күнім таңертең жұмыс орындарын аралаудан басталады, оның барысында мен жұмыс орындарындағы қауіпсіздік пен тәртіптің сақталуын тексеремін. Одан кейін қызметкерлердің медициналық тексеруден өту нәтижелерін және өндірістік тапсырмаларды орындауға рұқсат алуын бақылап отырамын. Сосын бас кеңседен келетін сұраныстар мен тапсырмаларды орындауға кірісемін, күн ішінде ағымдағы мәселелермен айналысамын.

«АлЭС» АҚ-ның ең ерекше және баға жетпес капиталы – адамдар. Мұнда өз ісіне шын көңіл бөлетін, бір-бірін қолдайтын нағыз кәсіби мамандар жұмыс істейді. Бірлік пен кәсіби достық атмосферасы мен үшін жұмыстағы басты аспектілердің бірі. Біздің қызметкерлеріміз өте позитивті және қолдайтын команда. Себебі олардан қажет болған жағдайда әрдайым көмек немесе кеңес сұрауға болады және олар міндетті түрде жауап береді. Кәсіби дамуға және өз тәжірибесімен бөлісуге көмектесетін мықты тәлімгерлерді де атап өткім келеді. Мұндай жағдайда жұмыс істеу әлдеқайда оңай және жағымды. Сондай-ақ мен жақсы әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар маңызды фактор деп санаймын – олар еңбек жайлылығы мен тиімділігіне тікелей әсер етеді.

Бірақ көп нәрсе адамның өзіне, оның даму қабілетіне, өзінің біліктілік деңгейін арттыруға, оның жеке қарым-қатынасына, командада жұмыс істеу

қабілетіне, басымдықтарды айқындауға байланысты. Үнемі дамуға ұмтылып, жаңа нәрселерді зерттеп, еңбекқор болу маңызды. Дәл осы қасиеттердің үйлесімі жақсы нәтижелерге қол жеткізуге және кәсіпорынның табысына нақты үлес қосуға мүмкіндік береді.



Ашығын айтсам, бұрын менде уақытты тиімді басқаруда қиындықтар болған, бірақ қазір осыны түзетуге күш салып жүрмін. Күнделікті жоспарлаушыны пайдаланып, тапсырмаларды маңыздылық бойынша реттеймін – бұл уақытты дұрыс бөлуге және маңызды істерді кейінге қалдырмауға көмектеседі. Бірте-бірте тәртіп пен жоспарлау дағдылары қалыптасуда. Сонымен қатар, кәсіпорындағы Кайдзен сабақтары да пайдалы болды: сол жерде мен Эйзенхауэр матрицасын үйреніп, тапсырмаларды шұғылдығы мен маңыздылығына қарай басымдыққа қою әдісін меңгердім. Мен ең алдымен креативтілік, парыз сезімі және жауапкершілік сияқты қасиеттерге ие болуым керек деп санаймын.

Сонымен қатар, мен есте сақтау қабілетімді дамытуға қызығамын, себебі біздің мамандықта үнемі жаңа ақпаратты меңгеру қажет – схемалар, техникалық құжаттама, нұсқаулықтар. Мұндай дағды ақпаратты тез қабылдауға және оны практикада тиімді қолдануға көмектеседі.

Энергетик мамандығы – өте қауіпті кәсіптердің бірі, ол қателіктерге жол бермейді. Мұнда ерекше назарлық, сақтық және қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау маңызды. Жұмыс орнында көптеген қауіпті факторлар бар, олардың ең бастысы – электр тоғының әсері. Оның ерекшелігі – көрінбейді, иісі жоқ және ескерту сигналдарын бермейді, кез келген абайсыздық ауыр зардаптарға әкелуі мүмкін. Сондықтан мен энергетиктерге қауіпсіз жұмыс тілеймін. Біздің мамандық қауіптілікпен байланысты болғандықтан, әрдайым ережелерді сақтау, сақ болу және жауапкершілік таныту өте маңызды.

Мен өз таңдауымда қателеспегеніме сенімдімін. Егер менің өз байрағым болса, оның үстінде міндетті түрде найзағай бейнеленген болар еді – дәл суперқаһарман Флэш сияқты. Мен үшін бұл энергияның, жылдамдықтың және алға ұмтылудың символы. Энергетик болып жұмыс істейтіндіктен, бұл белгі менің мамандығымды және ішкі қуатымды көрсететіндей көрінеді.

Өзім туралы айтатын болсам, жеке дамуыма компания үлкен әсер етті: мен өзіме көбірек сыншыл болдым, ал өзін-өзі талдау мен өзін-өзі тәртіпке салу жетілуге көмектеседі. Солай бола тұра, кейде әлеуметтік желілерді шамадан тыс пайдалану кедергі болады, әсіресе TikTok: қысқа видеолардың әсерінен бір нәрсеге ұзақ көңіл бөлу және шоғырлану қиындады. Осыған

қарсы тұру үшін мен өзіме гаджеттер мен әлеуметтік желілерден «детокс» кезеңдерін белгілеймін.



Кітап оқу – мен үшін әлі күнге дейін ең сүйікті іс. Оқығандарымның ішінен мен Дэниел Киздің «Элджернонға арналған гүлдер» атты шығармасын ерекше атап өткім келеді. Бұл оқиға мені терең қозғады, өйткені ол адамгершілік, мейірімділік пен өзгелерді түсінудің қаншалықты маңызды екенін көрсетеді, шынайы адамның құндылығы жүрегінде екенін еске салады. Сол автордың тағы бір кітабы – «Билли Миллиганның құпиялы оқиғасы» мені адамның ойлау қабілетінің қаншалықты күрделі әрі қызықты екенін көрсеткенімен таңғалдырды. Оқыған кезде бір адамның ішінде қанша түрлі тұлға болуы мүмкін екенін, әрқайсысының өз эмоциялары, әдеттері мен көзқарастары бар екенін түсінуге тырысқанымда таңданыс пен кейіпкерге деген сүйіспеншілік туды.

Жұмыс жеке өмірге де өз әсерін тигізеді. Мен білімге деген қызығушылығымды сақтап қалдым, сондықтан сериалдар көруді, подкаст тыңдауды ұнатамын, теннис қызықтырады және үнемі ойнауға тырысамын, үстел ойындарын жақсы көремін. Сонымен қатар, менің нақты өмірлік армандарым да бар: мүмкіндігінше көп елдерді аралап, әртүрлі мәдениеттермен танысу. Сол елдердің бірі – Жапония.



Бірақ мен үшін отбасыммен және достарыммен өткізетін уақыт өте құнды. Мен үшін әрдайым ең басты үлгі тұтатын адам – анам болды. Ол мені жалғыз тәрбиеледі, мен бала кезімнен оның маған барлық қажеттілікті қамтамасыз ету үшін қанша күш пен шыдамдылық жұмсағанын көрдім. Оның төзімділігі, мейірімділігі және қиын жағдайларда мойымай тұра білуі – мен үлгі тұтатын және мақтанатын қасиеттер. Ол маған көп нәрсені үйретті, соның ішінде өмірлік ережені де: адамдарға өзің қалай қарасаң, олар саған солай қарайтындығы. Мен үшін ең маңыздысы – қиын сәттерде де адам болып қалу: мейірімділік, сыйластық пен түсіністік сақтап, өзгелерге әділ қарау. Ал менің ең үлкен арманым ол бір күні анама бүгіннен бастап енді жұмыс істеудің қажеті жоқ деп айту…